



Автор: alga1.56

Пән: Өзін-өзі тану

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Менің отбасым және достарым

Тақырып: Өзіңді жақсылықпен таразыла

Өзіңді жақсылықпен таразыла	Сабақ мақсаты: жақсылық көрсете білудің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу. Міндеттері: - Оқушыларға сыйластық адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру; - Кішіпейіл бола білу қасиеттерін дамыту; - Оқушыларды мейірімділікке тәрбиелеу.
Өзіңді жақсылықпен таразыла	Сабақ мақсаты: жақсылық көрсете білудің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу. Міндеттері: - Оқушыларға сыйластық адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру; - Кішіпейіл бола білу қасиеттерін дамыту; - Оқушыларды мейірімділікке тәрбиелеу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Өзіңді жақсылықпен таразыла	.Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу. Оқу құралдарына назар аудару. 5Т Тыныштық сәті. «Күннің нұры» Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін. Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Одан соң нұр аяқтарыңызға одан әрі аузыңызға, тіліңізге, құлақтарыңызға, көздеріңізге де жетті. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға сәулелі ой келеді. Нұр бірте-бірте сіздің денеңізден шығып, жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Олардың да жүрегі нұрға толсын. Осы нұр барлық тірі жанға таралсын... Ойша айтыңыз: «Мен нұрлымын... Нұр менің ішімде... Мен Нұрмын». Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз. Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет. 2.Үй тапсырмасын тексеру: №9 сабақ Жүре алмайтын бала Василий Сухомлинский • Павлик Василекті қалай қуантты? • Көмекке мұқтаж адамдарға жақсылық жасау қаншалықты маңызды деп ойлайсыңдар? • Жақсылық жасау арқылы адам нені үйренеді? • Басқаларға жақсылық жасаған кезде қандай сезімге бөленесіңдер? Сергіту сәті: Балдырған баламыз. (Өзін көрсетеді.) Досты көп табамыз. (Құшақ жаяды.) Қашан да, қайда да, Достар бір-біріне (Бір-біріне қарайды.) Сенімді боламыз. (Қол алысады.)	